**Слайдты дайындаған Алматы облысы Междуреченск ауылының Ю.А. Гагарин атындағы № 16 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі**

# Сулейменов А.Б.

VK:ID

Оқулық: 7 сынып Қазақстан тарихы. Жолдасбаев С. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы. 2-бас. – Алматы: Атамұра, 2012.


1465
2015
ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ
•ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ 550 ЖЫЛ•



# ҚАСЫМ ХАН
## 1511-1518(1523 жж.)



# Қасым ханның тұсында Қазақ мемлекетінің өрлеуі

Жәнібек пен Керей хандардан кейін Қазақ хандығының тағына Керейдің ұлы ***Бұрындық*** отырды (1474-1511 жж.)



**КЕРЕЙ ХАН**

**Бұрындық хан Сырдария бойындағы қалаларды Қазақ хандығына қаратуға ерекше күш салды. Алайда, ханның ел ішінде беделі болмағандықтан Самарқанға көшіп кетті.**



**БҰРЫНДЫҚ ХАН**




**Бұдан кейін, Жәнібек ханның ұлы Қасым сұлтан 1511 жылдан бастап хандық билікті өз қолына алады.**

Қасым ханның тұсында Қазақ хандығының өрлеуін сол кездегі ортағасырлық авторлардың өздері де атап өткен. Мәселен, атақты Бабыр:

*«... жұрттың айтуына қарағанда, қазақ сұлтандары мен хандарының бір де біреуі бұл халықты дәл Қасым сияқты бағындыра алмаған. Оның қарамағында атты әскер саны 300 мыңға жуық еді.»*



**БАБЫР**



**М.Х. ДУЛАТИ**

*Тарихшы М.Х.Дулати Қасымның бүкіл Дешті Қыпшақ даласына билік жүргізгенін, оның халқы санының* ***миллионнан*** *астам болғандығын айтады. Жошыдан кейін бұл жұртта одан ұлы хан болған емес дейді. М.Х.Дулати да Қасым ханның әскер саны 300 мың деп көрсетеді.*

Қазақтың ғұлама ғалымы Қадырғали Жалаири: ***«Жәнібек ханның ұлдарының арасында аса белгілі болғаны Қасым хан еді. Ұзақ уақыт бойы атасының ұлысында билік етті. Аймағындағы ұлыстарды өзіне қаратты. Ол туралы аңыздар әр жерде көп тараған, көпке мәлім болған»***, деп жазды.



**ҚАДЫРҒАЛИ ЖАЛАИРИ**

# Қасым ханның заңдары

# «ҚАСЫМ ХАННЫҢ ҚАСҚА ЖОЛЫ»

*Қасым хан мемлекеттің қоғамдық өмірінде қарама-қарсы қайшылықтарды болдырмау үшін бірқатар заңдар шығарды.*



*Академик Ә.Х. Марғұланның айтуына қарағанда заң елдегі саяси жағдайдың шиеленіскен кезінде туған.*
*Бұл заң қазақтың елге сыйлы билерінің ықпалымен халықтың ерте заманнан ұстанып келген «Жарғы» заңын күшейткен.*
*Осы себепке байланысты халық Қасымның шариғат жолын алмай, билер заңы «жарғыны» алып, жаңадан көтерген ұнатып, оны «Қасымның қасқа жолы» деп атап кетті дейді.*


ҚАСЫМ ХАННЫҢ ҚАСҚА ЖОЛЫ
МҮЛІК ЗАҢЫ
ЖЕР ДАУЫ МАЛ-МҮЛІК ДАУЫ
ҚЫЛМЫС ЗАҢЫ
КІСІ ӨЛТІРУ, ҰРЛЫҚ
ӘСКЕРИ ЗАҢ
АЛАМАН МІНДЕТІ, ЕРДІҢ ҚҰНЫ
ЕЛШІЛІК ЖОРАЛАРЫ
ӘДЕПТІЛІК ИБАЛЫ-Қ
ЖҰРТ-Қ ЗАҢЫ
ДУМАН ҮСТІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕР

# Қасым ханның ішкі саясаты

XVI ғасырдың басында Қасым хан ұлан-байтақ қазақ жерінің айтарлықтай бөлігін өз қол астына қаратты.

Оңтүстігі: **Сырдария өзені, Түркістан аймағы**

Шығысы: **Балқаш көлі**

Батысы: **Жайық өзені**



# Қасым ханның сыртқы саясаты


Қасым хан тұсында мына елдермен сауда-саттық, дипломатиялық қатынастар орнады
Орта Азия хандығы
Еділ б-ғы елдер
Батыс Сібір хандығы
Ресей мемлекеті



**ҚАСЫМ ХАН**

Моғол билеушісі Саид хан Шу бойындағы отырған Қасым ханға 1514 жылы барып, одан шайбанилерге қарсы күреске көмекберуін сұрады. Қасым хан қазақтардың қыстауға көшетін мезгіліне байланысты көмектесуден бас тартты. Саид ханның Жетісудан көшіп кетуі, Қасым ханның сол жерге билігін күшейтті



**ӘБУ САИД ХАН**

**Қасым хан сыртқы саясатының басты бағыты Сырдария бойындағы қалаларды қаратып алу жолындағы күрес болды. Бұл мақсатпен Қасым хан Мауараннахр билеушісі Шайбани хан және оның ұрпақтарымен тоқтаусыз күрес жүргізді.**



Мұхаммед Шайбани хан қаза болғаннан кейін, Қасым хан Сайрамды өзіне қаратты. Осыдан соң, Ташкент билеушісі Сүйініш қожаға аттанады. Ташкент қаласының түбіндегі ұрыс сәтсіз болып, хан Сайрамға оралады.



# 1518

**М.Х. Дулати деректеріне қарағанда, Қасым хан 1518 жылы қайтыс болған**



# 1523

**Орыс деректерінде Қасым ханның 1523 жылы қыста Сарайшық қаласында қаза тапқаны туралы да айтылады.**



**Қасым хан қайтыс болуымен, Қазақ хандығы 1520-1530 жылдары ауыр жеңілістерге ұшырады, 1532 жылы Тахир хан бауыры Тоғым ханмен бірге Орта Азия әміршісі Абд ар-Рашид ханмен шайқаста қаза тапты. Қазақ хандығы әлсірей бастады.**

# Қорытынды

# Қасым ханның негізгі жетістіктері



Халқының саны
1млн адамға жетті



Әскер саны
300 мың адам



Алғашқы заң қабылданды




Шекарасы Ташкентке жетті




МҰХАММЕД ШАЙБАНИ ХАН
ЖӘНІБЕК ХАН
ҚАСЫМ ХАН
ХАҚНАЗАР ХАН
АБУ САИД ХАН
АТА-БАБАСЫ
ЖАУЛАРЫ
ҚОЛДАУШЫСЫ
ҰРПАҒЫ

# ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ АНЫҚТАМА
## (Қосымша дерек)

## XVI ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

ХАЛЫҚ ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА

**1510** ЖЫЛ –

МҰХАММЕД ШАЙБАНИ ХАННЫҢ ҚАЗАҚТАРҒА ҚАРСЫ ЖЕҢІЛІСПЕН АЯҚТАЛҒАН СОҢҒЫ ЖОРЫҒЫ

**1511/18** ( НЕМЕСЕ 1523 Ж.) ЖЫЛДАРЫ –

ҚАСЫМ ХАННЫҢ ТҰСЫНДА ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ НЫҒАЮЫ

**XVI** ҒАСЫРДЫҢ **20-50** ЖЫЛДАРЫ –

МЕМЛЕКЕТТІҢ ӘЛСІРЕУ КЕЗЕҢІ

**1537** ЖЫЛ –

МОҒОЛ-ӨЗБЕК ӘСКЕРЛЕРІНЕ ҚАРСЫ ЖЕҢІЛІСПЕН АЯҚТАЛҒАН САНТАШ ШАЙҚАСЫ





# Жылдар мен оқиғалар
# (Даталармен жұмыс)

1511

1518

1523

1520-153
0

1532

# Үй жұмысы

1. Қасым ханды оқу
2. 162 бет, сұрақтарға жауап беру
Кестені толтыру

| Тарихи оқиғалар | Хронологиялық аукымы | Қысқаша сипаты | Қазақ тарихындағы маңызы |
|---|---|---|---|
| | | | |

# Тақырыпты пысықтау сұрақтары

1

2

3

4

5

6

Қасым хан қай жылы хан болып сайланды?

Жауабы

Қасым ханның зaңдары қалай аталады?

Жауабы

Қасым ханның әскер саны қанша болды?

Жауабы

Қасым ханның тұсында қазақ халқының саны қаншаға жетті?

Жауабы

Моғол билеушісі Саид хан 1514 жылы қандай мақсатпен Қасым ханға барды?

Жауабы

Қасым хан қай жылы қайтыс болды?

Жауабы



# 1511 жыл

ХАЛЫҚ
ТАРИХ
ТОЛҚЫНЫНДА






Әскер саны

300 мың адам



# Халқының саны 1 млн адамға жетті



# Шайбанилерге қарсы әскери көмек сұрады



# 1518

**М.Х. Дулати деректеріне қарағанда, Қасым хан 1518 жылы қайтыс болған**

# 1523

**Орыс деректерінде Қасым ханның 1523 жылы қыста Сарайшық қаласында қаза тапқаны туралы да айтылады.**